Әділет

# 2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Балқаш қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің тізбесін, жұмыстардың түрлерін, нақты жағдайларын, көлемдерін және еңбекақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 07/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 ақпанда № 2545 болып тіркелді. Қаулының қабылданған мерзімі өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімінің 2015 жылғы 3 ақпандағы N 4-16/185 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылданған мерзімі өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімінің 03.02.2015 N 4-16/185 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімділігін арттыру мақсатында, жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды және табыс табуды, кедейлікті еңсеруді, жұмыссыздық ауқымы мен деңгейін қысқартуды қамтамасыз ету үшін, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Балқаш қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің тізбесі, жұмыстардың түрлері, нақты жағдайлары, көлемдері және еңбекақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - ММ) (Ж.К. Томпиева):

1) бекітілген тізбеге сәйкес қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайларын көрсетумен, қоғамдық жұмыстарды жүргізуге қаланың кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелерімен шарттары жасалсын;

2) 2014 жылғы қаланың бюджетінде көзделген қаражат шегінде бекітілген тізбеге сәйкес жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жүзеге асырсын;

3) қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу ең

төменгі бір жалақы мөлшерінде жүргізілсін;

4) "Қалалық коммуналдық шаруашылық - 2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қоғамдық жұмыстарға жіберілген жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу ең төменгі бір жарым жалақы мөлшерінде жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Саягуль Жаксылыққызы Жаксылыковаға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *Н. Аубакиров*

Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 07/01 қаулысына қосымша

## 2014 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін Балқаш қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелерінің тізбесі, жұмыстардың түрлері, нақты жағдайлары, көлемдері

| № | Кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің атауы | Жылдық адам саны | Жұмыстардың түрлері және көлемі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | "Балқаш қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ММ) | 24 | Құжаттарды тарату, айына 40 құжатта астам |
| 2 | "Гүлшат кенті әкім аппараты" ММ | 12 | Айына 4000 шаршы метрден кем емес көріктендіру, көгалдандыру жә санитарлық тазарту |
| 3 | "Саяқ кенті әкім аппараты" ММ | 12 | Айына 3000 шаршы метрден кем емес көріктендіру, көгалдандыру жә санитарлық тазарту |
| 4 | "Балқаш қаласының мәслихат аппараты" ММ | 4 | Айына 40 құжаттардан астам құжатт мұрағатқа тапсыруға, сессиялар ж тұрақты комиссиялар хаттамалар ресімдеуге көмек |
| 5 | "Балқаш қаласының жер қатынастары бөлімі" ММ | 6 | Айына 40 құжаттардан кем емес құжат өңдеу, тізілімдерді, хабарламалар дайындау жұмысы |
| 6 | "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ | 20 | Айына 60 құжаттардан кем емес әлеум төлемдерге құқығы бар азаматта анықтау мақсатында аулаларды ара тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын те актісін жасауға көмек |
| 7 | "Балқаш қаласының құрылыс бөлімі" ММ | 4 | Айына 50 кем емес құжаттарды өңдеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | "Балқаш қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" ММ | 6 | Айына 50 құжаттардан кем ем құжаттарды өңдеу, саяжайлар ж гараждар алабын түгендеу |
| 9 | "Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автокөлік жолдары бөлімі" ММ | 28 | Айына 60 кем емес құжаттарды өң қаланы көріктендіру, көгалдандыру санитарлық тазарту |
| 10 | "Балқаш қаласының ішкі саясат бөлімі" ММ | 8 | Айына 40 құжаттардан кем емес құжат өңдеу, мұрағаттық құжаттармен жұмыс |
| 11 | "Балқаш қаласының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" ММ және оның ішінде қаланың жалпы білім беретін мектептері | 49 | Айына 60 кем емес іс-шараларды жүрі көмек, қоғамдық тәрбиеші |
| 12 | "Балқаш қаласының экономика және қаржы бөлімі" ММ | 8 | Айына 40 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 13 | "Балқаш қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" ММ | 4 | Құжаттарды өңдеу, айына 40 ас құжаттарды жеткізу |
| 14 | "Балқаш қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ | 6 | Айына 40 астам құжаттарды жетк ақпараттарды жинақтау, ауылшаруаш жануарларының қозғалысын есептеу тіркеу |
| 15 | "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Балқаш қалалық қазынашылық басқармасы" ММ | 4 | Айына 40 астам құжаттарды жетк құжаттарды өңдеу |
| 16 | "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің Балқаш қаласы бойынша Салық басқармасы" ММ | 20 | Салық төлеу бойынша хабарламала тарату, айына 50 құжаттардан астам же |
| 17 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қарағанды облысының әділет Департаментінің Балқаш қаласының әділет басқармасы" ММ | 20 | Айына 40 құжаттардан астам жеткізу, а органдарында құжаттарды өңдеу жұм формулярларды таратып салу |
| 18 | "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) Қарағанды облыстық сотының кеңсесі" ММ | 40 | Қосалқы жұмыстар, мұрағат құжаттар жұмыс, айына 40 кем емес құжатта өңдеу |
| 19 | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитетінің Қарағанды облысы сот актілерін орындау департаменті" мемлекеттік мекемесінің "Балқаш аумақтық бөлімі" филиалы | 20 | Айына 40 құжаттардан кем емес хабар тарату |
| 20 | "Қарағанды облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті" ММ | 4 | Айына 20 құжаттардан кем емес мұраға құжаттармен жұмыс, шақыру қағазда тарату |
| 21 | "Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті Балқаш қаласының ішкі істер бөлімі" ММ | 38 | Қосалқы жұмыстар, номенклатура істерді тігу, айына 40 құжаттардан кем кіріс және шығыс құжаттарын тарату |
| 22 | "Қарағанды облысының прокуратурасы" ММ | 8 | Қосалқы жұмыстар, айына 20 құжатта кем емес өңдеу және тіркеу |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23 | "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция Комитетінің Балқаш қалалық аумақтық инспекциясы" ММ | 4 | Айына 20 құжаттардан кем емес өңдеу тіркеу |
| 24 | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесі | 24 | Айына 40 шақыру қағаздардан кем е шақыру қағаздарын тарату |
| 25 | Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының "Балқаш қаласының мемлекеттік мұрағаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 4 | Айына 40 құжаттардан кем емес мұрағ істерді жаңғырту, мұрағаттық құжатта жұмыс |
| 26 | "Қалалық коммуналдық шаруашылық-2012" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 60 | Айына 9000 шаршы метрден кем е қаланы көріктендіру, санитарлық таз және көгалдандыру |
| 27 | Балқаш қаласы әкімдігі Балқаш қаласы білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Оқушылар сарайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 4 | Айына 20 кем емес мәдени – жа іс-шараларды жүргізуге көмек |
| 28 | Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы "Балқаш қаласының № 1 емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 7 | Айына 20 құжаттардан кем емес жет құжаттарды өңдеу |
| 29 | "Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының Қарағанды облыстық филиалы | 4 | Мұрағаттық істерді жаңғырту, айына 2 емес жәрдемақы және зейнета алушыларға шақыру қағаздарын тарату |
| 30 | "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Балқаш қалалық аумақтық инспекциясы" ММ | 4 | Мұрағаттық құжаттармен жұмыс, қос жұмыс, айына 20 кем емес құжатта өңдеу |
| 31 | "Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы" ММ | 4 | Айына 30 кем емес құжаттарды тарату өңдеу |
| 32 | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің "Қазақавтожол" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының Қарағанды облыстық филиалы | 8 | Айына 3000 шаршы метрден кем е жолдарды көріктендіру және санитар тазартуға көмек |
| 33 | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің "Балқаш қаласы бойынша Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" ММ | 4 | Айына 20 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 34 | "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігінің Балқаш қалалық филиалы | 4 | Айына 20 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 35 | "Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Экологиялық реттеу және | 4 | Айына 20 кем емес құжаттарды өңдеу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша экология департаменті" ММ | | |
| 36 | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің "Қарағанды облысы бойынша Жылжымайтын мүлік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны | 4 | Айына 20 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 37 | "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті Балқаш қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы" ММ | 8 | Айына 20 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 38 | "Қазақмыс Корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы - "Қарағандытүстімет" өндірістік бірлестігі | 4 | Айына 40 кем емес құжаттарды өңдеу |
| 39 | Қарағанды облысы бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің Балқаш аймағы бойынша қаржы полициясының ауданаралық бөлімі | 4 | Айына 60 құжаттардан кем емес мұрағ құжаттармен жұмыс, шақыру қағазд тарату |
| | Барлығы | 500 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК